

№ 1 қосымша
Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі ММ
«Айналайын» Токмансай бөбекжай-
балабақшасы МКҚК
2025 ж 08 қыркүйектегі № 01-08/30-1
бұйрығымен бекітілді

Мектепке дейінгі ұйымда психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже мектепке дейінгі ұйымдарда (бұдан әрі – МДҰ) балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, мазмұнын және жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау – баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық және тұлғалық өсуіне бағытталған жүйелі қызмет.

1.3. Ереже ҚР «Білім туралы» Заңына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қатысты мемлекеттік стандарттар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленеді.

1.4. Қолдау балабақша педагогтері, педагог-психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, медқызметкерлер және ата-аналардың өзара бірлескен әрекеті арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету, дамуында қиындықтары бар балаларды қолдау және олардың табысты әлеуметтенуіне жағдай жасау.

2.2. Міндеттері:

- баланың психо-эмоциялық жағдайын тұрақтандыруға ықпал ету;
- танымдық және сөйлеу дамуын қолдау;
- мінез-құлықтағы, эмоциялық немесе әлеуметтік бейімделудегі ауытқуларды ерте анықтау;
- ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға (ЕБҚ) жеке қолдау көрсету;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- инклюзивті білім беру қағидаттарын енгізу.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың қағидаттары

- Баланың мүддесін қорғау.
- Қолжетімділік және инклюзивтілік.
- Жүйелілік және үздіксіздік.
- Құпиялылық.
- Ынтымақтастық.
- Жеке тәсіл.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың бағыттары

4.1. Диагностикалық жұмыс:

- Балалардың психологиялық диагностикасы;
- Бейімделу кезеңін бақылау;
- Сөйлеу, ойлау, эмоция, есте сақтау деңгейін бағалау;
- ЕБҚ бар балаларды анықтау.

4.2. Түзету-дамыту жұмысы:

- Топтық және жеке түзету сабақтары;
- Эмоцияны реттеу тренингтері;
- Моторика, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларды дамыту.

4.3. Алдын алу жұмысы:

- Агрессия, қорқыныш, мазасыздықтың алдын алу;
- Мектепке психологиялық дайындық.

4.4. Кеңес беру жұмысы:

- Ата-аналарға кеңес беру;
- Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

4.5. Әлеуметтік қолдау:

- Қиын жағдайдағы балаларға көмек;
- Отбасымен жұмыс.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрылымы

Қолдау қызметіне қатысатындар:

- педагог-психолог;
- топ тәрбиешілері;
- медицина қызметкерлері.

6. Қолдау үдерісін ұйымдастыру тәртібі

6.1. Жыл басында мамандардың жоспарлары бекітіледі.

6.2. Баланың даму деңгейі туралы бастапқы диагностика жүргізіледі.

6.3. Жеке дамыту бағдарламасы қажет болса жасалады.

6.4. Түзету-дамыту жұмысы кесте бойынша өтеді.

6.5. Аралық және қорытынды диагностика жасалады.

6.6. Құжаттама нормативке сай толтырылады.

7. Құжаттама

- Диагностика нәтижелері;
- Жеке дамыту бағдарламалары;
- Кеңес журналдары;
- Отбасымен жұмыс дәптері;
- Айлық, тоқсандық, жылдық есептер.

8. Ата-аналармен жұмыс

- Жиналыстар, семинарлар, тренингтер;
- Үй жағдайына арналған ұсыныстар;
- Жеке кеңес беру.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Ереже МДҰ меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.

9.2. Ереже орындалуын әкімшілік бақылайды.

9.3. Қажет жағдайда өзгерістер енгізіледі.